



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 25/565

22 июня 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ДНЕМ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО !

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметші күнімен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызмет – бұл барлық мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудағы жетекші рөлді атқаратын мемлекет жүйесінің ең маңызды тетіктерінің бірі. Кез келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, яғни мемлекеттік қызметшілерсіз әрекет етуі мүмкін емес.

Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне кадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы.

Қаламыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда өздеріңіздің жанкешті қызметтеріңіздің жемісіне байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады.

Қымбатты Әріптестер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілейміз! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Құрметпен,

Қала әкімі
Қалалық мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Уважаемые государственные служащие!

От всей души поздравляем Вас с профессиональным праздником – Днем государственного служащего!

Государственная служба – это один из важнейших элементов всей государственной системы, которая играет ведущую роль в организации государственного управления. В любом организованном обществе невозможно обойтись без государственного управления, а значит и без государственных служащих.

Учреждение профессионального дня государственного служащего – это еще одна подтверждение той чрезвычайно важной роли, которую играют органы государственной власти и управления.

Сила государства – в его служащих, в их способности и желании поднимать страну, делать ее современной, успешной и безопасной. Нелегкий труд служить народу, каждую минуту помнить, что от вашего вклада в жизнь города зависит степень его развития и уровень благосостояния.

Наш профессионализм выражается в умении свободно мыслить, самостоятельно действовать и брать на себя ответственность.

Дорогие коллеги!

От всей души поздравляем Всех коллег с Днем государственного служащего! Крепкого здоровья, счастья, благополучия и пусть всегда ваша работа приносит успех во благо процветания Казахстана и ее граждан.

С уважением,

Акима города
Секретарь городского маслихата

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Кәсіби мереке тойланды

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕРЕКЕЛЕРІН АТАП ӨТТІ

Халықтың денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп, «Ақ халатты абзал жандар» деген атқа ие болған медицина қызметкерлерінің шынында да еңбектері орасан зор. Төрт-күл дүниенің түкпір-түкпіріндегі дертіне дауа, науқасына шипа, ауруына ем іздеген жандар осы сала қызметіне жүгінері хак. Олардың қаншама бейбақ жандардың ажалына араша түсетінін, ауруынан айықтырып,

лығын сақтау мен қорғауға атсалысып жүрген сала озаттарына қала әкімінің құрмет грамоталары мен алғыс хаттары табысталды. Олардың арасында: 06708 әскери бөлімі меди-



циналық ротасы стоматология кабинетінің аға мейірбикесі Ғазиза Маханқызы Абиляева, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені физиемдеу мейірбикесі Галина Александровна Рудченко, Приозерск қаласы қоғамдық саулықты қорғау санитарлық эпидемиологиялық дәрігері Артыгүл Тұрғұнбаева, Приозерск қаласы орталық ауруханасының дәрігер хирургі Музаффар Абдуллаевич Пайзуллаев, Приозерск қаласы орталық ауруханасының учаскелік акушеркасы Лилия Эрлиновна Мамбетова, 454-әскери госпиталі қабылдау бөлімінің менгерушісі Ольга Фридриховна Алексеенко және 06708 әскери бөлімі медициналық ротасы хирургия бөлімінің аға мейірбикесі Сәуле Мәнерханқызы Мусиналар болды.

Медицина қызметкерлерін Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков құттықтап, Приозерск қаласы орталық ауруханасының бас есепшісі Бейбітжан Әжібекқызы Дауылбаеваны құрмет грамотасымен, Приозерск қаласы орталық ауруханасының аға мейірбикесі Зиякүл Мұқашқызы Нұрмамбетованы алғыс хатпен марапаттады. Сондай-ақ Приозерск қаласы орталық ауруханасының

ШПЕКБАЕВ ПООБЕЩАЛ ЛЬГОТЫ ДЛЯ ГОССЛУЖАЩИХ

Глава АДГСПК Алик Шпекбаев рассказал о плане по предоставлению госслужащим льгот для приобретения жилья, передает корреспондент Tengrinews.kz.

В ходе ежегодной конференции астанинского хаба в сфере госслужбы Алик Шпекбаев сообщил, что в настоящее время агентством при поддержке Администрации Президента прорабатываются меры по предоставлению госслужащим льгот при приобретении жилья и назначении пенсий, обеспечению местами в детских садах, созданию условий для оздоровления в регионах. "С учетом пяти социальных инициатив Главы государства, есть программа "7-20-25", но сегодня прорабатываются и Жилстройсбербанком другие подходы к снижению процентных ставок "5-5-25". Я думаю, что эти подходы будут приемлемы для государственной службы", -

сообщил глава агентства. Также он сообщил, что в скором времени завершится проект новой системы оплаты труда, инициированный агентством. "Мы планируем, что в следующем году наше начинание, пилотный проект завершится. Соответственно, будет повышена заработная плата всем государственным служащим Казахстана. Размер зарплаты теперь зависит от характера и сложности работы, а также достижения конкретных показателей эффективности", - дополнил он.

"Не секрет, что повышение материального и социального обеспечения напрямую влияет на снижение уровня коррупции. В этой связи агентство оптимизировало треть штатной численности центрального аппарата, что позволило дополнительно увеличить зарплаты сотрудников до 60 процентов", - напомнил Алик Шпекбаев.

Источник: Tengrinews.kz



қатарға қосатынын көзі қарақты пенде жақсы біледі. Сондықтанда дәрігерлер мен мейірбикелердің қалтқысыз қызметтері мақтау-мадаққа, өздері құрметтеуге әбден лайықты. Өткен жұма, яғни маусым айының 15-жұлдызының кешінде «ДОСТЫҚ» балалар мен жасөспірімдер орталығының мәжіліс залында медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі салтанатты жағдайда аталып өтті. Оған қаламыздағы медицина саласына қатысы бар мекемелер және Ресей Федерациясы Қарулы Күштері мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне қарасты әскери медицина қызметкерлері, қала тұрғындары, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешенінің ұжымы қатысты.

Салтанатты жиынды Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева ашып, қаланың барша медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Құттықтау сөзден соң халық денсау-

бас дәрігері Нұрлан Манапұлы Шагириев те әріптестерін төл мерекелерімен құттықтап, бірнеше медицина қызметтерін марапаттады.

Қала тұрғындары мен дертіне дауа тапқан науқас жандар атынан сөзге шыққан кісілер Приозерск қаласы орталық ауруханасы ұжымын төл мерекелерімен құттықтап, оларға деген жылы сөздері мен ыстық ықыластарын, шынайы алғыс сезімдерін білдірді. Журналист, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков жүреқжарды лебізін ақ өлеңмен және бата-тілекпен білдірді.

Салтанатты жиынның ресімі бөлімі аяқталған соң кезек медицина қызметкерлерінің өз күштерімен дайындаған концерттік бағдарламасына ұласып, онда әндер шырқалып, би биленіп, күй күмбірледі. Қалалық орталық аурухана ұжымы әзіл-қалжыңға толы сахналық қойылымдарын ұсынып, әріптестерін күлкіге қарық қылды.



НАЛТЫНБАЙҰЛЫ.

Суреттерде: салтанатты жиыннан

көріністер.

Суретті түсірген Н.ҚАРАБЕКОВ

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ДНЕМ КАЗАХСТАНСКОЙ ПОЛИЦИИ !

Құрметті полиция қызметкерлері және ардагерлері!

Сіздерді, ұжымдарыңызды және ардагерлерді шын жүректен ҚР полициясы күнімен құттықтаймыз!

Сіздер мемлекеттегі заңдылықты қадағалап, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етіп, қиын әрі игі қызмет атқарасыздар! Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында мемлекетіміздің әр азаматының заңды құқықтары мен бостандықтары және қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Осы қойылған мақсаттарды орындау кезіндегі адал қызметтеріңіз үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге зор денсаулық пен ұзақ өмір, кәсіби және азаматтық борышыңызды өтеуде қажымас қайрат пен талмас қанат, табыс пен сәттілік тілейміз! Отбасыларыңызға бақыт-береке мен аман-саулық, қуаныш пен шаттық тілейміз!

Құрметпен,

Қала әкімі
Қалалық мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Аким города
Секретарь городского маслихата

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАС ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ 2018 ЖЫЛДЫҢ 1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес отырыс әр тоқсан сайын өткізіледі. 2018 жылдың 1 жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 2 отырыс өткізілді. Отырыс барысында: ҮЕҰ өзара қатынас жөніндегі комиссияға қатысты құқықтық заң актілері туралы, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, грант және сыйлықақы тағайындау бойынша конкурстарға қатысу үшін үкіметтік емес ұйымдар ҮЕҰ дерекқорында болуы туралы мұрақтар қарастырылды.

Қазіргі таңда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 3 іс-шара өткізілді. 2018 жылдың 19 наурызы күні жас кәсіпкерлерге арналған қала әкімі грантын игерлерін анықтау бойынша комиссия отырысы өткізілді.

Конкурстық комиссия шешімімен Жилкенова Гулмерекенің бизнес-жоспары қала әкімінің 900 мың теңгелік грантын иеленді. Сатыбалды Бахтияр 800 мың теңгенің, Султаналиев Жанибек 1 миллион 200 мың теңгенің грантына ие болды.

21 наурыз күні қалалық орталық алаңда салтанатты түрде грант иегерлері сертификат табыс етілді. Игерілген сома: 3150,0 мың.

Сонымен қатар, 2018 жылғы 23 сәуірінде

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «**Рухани жаңғыру: мемлекеттік тілмен болашаққа**» тақырыбында конференция өтті.

Конференция жұмысына қаладағы үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері, білім беру қызметкерлері қатысты.

Алқа мәжілісінде Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының директоры А. Игенованың «**Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру**» ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдары», Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының әдіскері Ж. Жақанованың «**Латын әліпбиінің маңызы және ересектерге жана әліпбиді үйрету жолдары**», «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г. Шәрбекованың «**Приозерск қаласында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы**», «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Ж. Дулато-

ваның «**Приозерск қаласындағы ономастикалық ахуал**», «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г. Қасымованың «**Үштілді білім беру-заман талабы**» тақырыбындағы баяндамалары тыңдалды.

Алқа мәжілісі аяқталған соң конференция жұмысы 2 секция бойынша жалғасты. «**Үштілдікті білім бері жүйесіне енгізу: мәселелері мен болашағы**» секциясы бойынша Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының директоры А. Игенова, «**Қазақ әліпбиінің латиницаға отуі прогресс жолындағы маңызды қадам ретінде**» секциясы бойынша Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының әдіскері Ж. Жақанова жетекшілік етті.

Ауқымды шараны өткізудегі мақсат «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының міндеттерін жүзеге асыру, жастарды «бірлік пен бәсекеге қабілеттік» идеясының төңірегінде нығайту, ҚР тілдерді дамыту мәселесін, қазақ тілінің латын әліпбиіне өтуін, ономастика мәселелерін, үштілділікті енгізуді талқылау.

Приозерск қаласында «Балқаш» медициналық-сауықтыру кешенінің ғимаратында

2018 жылдың 8 маусымы күні іскер-әйелдер форумы өтті.

Жұмыс 2 секция бойынша жүргізілді: тәжірибелі кәсіпкер әйелдермен және кәсіпкерлікпен жаңадан айналыса бастаған әйелдермен өткізілді.


Бизнесі бастау жолдары, дағдарыс жағдайында бизнесі жүргізу, туризм және «жасыл» экономика, ХХІ ғасырдың нақты бизнес идеялары форумның негізгі сұрақтары болды.

Форумға қаланың жеке кәсіпкерлері, жұмыссыз азаматтары, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдері қатысты. Барлық тыңдаушыларға форумға қатысу туралы сертификаттар табыс етілді.

Үкіметтік емес ұйымдармен жергілікті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл және әріптестік жөніндегі жұмыстары жалғасуда. 2018 жылдың соңына дейін барлығы 14 іс-шара өткізу жоспарлануда.

Г. Шәрбекова,
Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ- ҚОҒАМНЫҢ МІНДЕТІ

Қазақстан 2020 жылы жемқорлық көрсеткіштері ең төмен 60 елдің құрамына енуі тиіс. Бұл халықаралық сарапшылардың жасаған мәлімдемесі. Бұл дерт жайында осыдан мыңдаған жылдар бұрын жазылса да содан бері талай заман өзгеріп, әлем дамуы ілгерілессе де, пара берушілер мен алушылар қатары көбеймесе, азайған емес. Жемқорлық бұл – індет. Себебі, жемқорлық – мемлекетіміздің беделіне, ұлттық қауіпсіздігіне, экономикалық дамуына, адам құқықтарының сақталуына үлкен қауіп төндіреді және де ол елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелеріне кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты, елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы мемлекеттік саясат мәртебесі берілген, оны жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық іс-шаралар жалпы жүйелік және кешенді сипатқа ие болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін айтарлықтай төмендетіп, заңсыз ақша айна-

лымын тоқтатуға бағытталған іс-қимылдардың елеулі табыстарға жеткізгендігін Сингапур, Гонконг, Швеция мемлекеттері дәлелдеді. Бұл мысалдар «дертті» емдеуге болатынын, сыбайлас жемқорлықпен күрес тәсілдерінің бар екендігі және принципті әрі жүйелі сипатқа ие болған жағдайда, олардың айтарлықтай тиімді болатынын дәлелдей алды.

Осыған сәйкес, Заң қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Аталмыш Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Бұл Заңның ең басты міндеттерінің бірі, қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тосқауыл

қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту болып табылады.

Сондай ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңымен қатар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа белсене қарсы тұру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесін одан әрі жетілдіру. Аталған бағдарламада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдардың жауапкершілігін ұлғайтуға да, биліктің барлық тармақтары мен азаматтық қоғам институттарының бұл мәселені шешудегі әлеуметтік әріптестігіне де баса мән беріліп отыр.

Бүгінгі таңда, мемлекетте сыбайлас жемқорлыққа ұйымдасқан күрес саласындағы ең басты назары экономикалық даму процестерінің басқарылуына, ұйымдық-құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және жемқорлықпен байланысты қылмыстылықты тазартуға аударылып

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

отыр. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алуы, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал жасалуы.

Бұл ретте, Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда, Басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқуылар өткізіледі, басшылар тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында тұрақты түрде нұсқаулық жүргізіледі. Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналастырылып, сенім телефоны (телефон нөмірі 8(71039) 5-20-45) қызмет жасауда. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің нығайып, гүлдену жолында, өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

Т. Манаков,
Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының басшысы

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК МАУСЫМЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

Елбасымыздың бастамасымен Елімізде «Жасыл Ел» бағдарламасы кең етек алып, «Жасыл Ел» еңбек жасақтары құрылды. Нәтижесінде 2005 жылы Астана қаласында

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылып, еліміздің барлық облыстарында филиалдары ашылған еді. Ал Приозерск қаласында «Жасыл



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 22 бабына сәйкес, жазғы демалыс кезеңінде студенттердің және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының қоғамдық жұмысқа қатысуға мүмкіндік

алады. Қоғамдық жұмыстарды халықты жұмыспен қамту орталығы ұйымдастырады және бюджет қаражаты мен жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша олардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Сонымен қатар, «Еңбек» нәтижелі жұ-

мыспен алғаш рет 20 сарбазбен 2014 жылы бастады. Аталған еңбек жасақтары биыл қала аумағында 5 - ші жыл өз жұмысын жалғастырады.

Жалпы, бағдарламаның негізгі мақсаты - жастардың күшімен елімізді көгалдан-дыру, елді-мекен айналасын жасыл ағаштармен көмкеру, көркейту, сонымен қатар, жастардың Отанға, жерге, табиғатқа деген махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Ең бастысы – жылына қаншама жастарды осы істерге тарта отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету болып табылады.

15 маусым күні Приозерск қаласы аумағында «Жасыл Ел» еңбек маусымының ашылу салтанаты өтті. Шара барысында Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Ұлан Алмас Алмасұлы «Жасыл Ел» бағдарламасына кеңінен тоқталып, жастарды еңбек маусымының ашылу салтанатымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Сонымен қатар орталықтың заңгер маманы жастарға еңбек құқығы мен



Жастар жасағы іске кірісті

қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Және де орталықтың психолог маманы жастарды бірлікке шақыратын ойындар ойнатты.

Осы жылы бағдарлама аясында жұмыспен қамтылатын 45 жас жаз мезгілінде Балқаш көлінің жағалауы мен қала көшелерін қоқыстан тазалап, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп, сонымен қатар, балалар ойын алаңдарын бояумен айналысатын болады.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

Қала тұрғындарының назарына

мыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаты мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін жастарды жұмыспен қамту шаралары көрсетіледі.

Қаламызда «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасына қатысушы ретінде 2018 жылдың маусым айы жағдайына 402 адам өтініш

білдірсе, оның 170-і жастар. Олар аталмыш бағдарламаның бағыттары бойынша оқумен және жұмыспен қамтылуда.

2018 жылы қоғамдық жұмыс орнына жолданған азаматтардың еңбек ақысы 42426 теңгені құрайды.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА



«Повышение доступности и качества высшего образования и улучшение условий проживания студенческой молодежи».

В 2018-19 учебном году будет выделено дополнительно 20 тысяч грантов к 54 тысячам, выделяемым ежегодно.

Из них 11 тысяч - на обучение бакалавров по техническим специальностям (информационные технологии, робототехника, нанотехнологии).

Необходимо повысить стоимость новых грантов во всех вузах по техническим и сельскохозяйственным специальностям до уровня грантов в национальных вузах.

До конца 2022 года необходимо обеспечить строительство новых студенческих общежитий не менее чем на 75 тысяч мест.



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ
МӘСЛИХАТ ШЕШІМІНІҢ
ЖОБАСЫПРОЕКТ РЕШЕНИЯ
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО
МАСЛИХАТА

Приозерск қаласы № 2018 жылғы

город Приозерск № «» 2018 года

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША 2018-2019 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ
БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ
ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫН БЕКІТУ
ТУРАЛЫ ТУРАЛЫОБ УТВЕРЖДЕНИИ
ПЛАНА ПО УПРАВЛЕНИЮ
ПАСТБИЩАМИ
И ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ
ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК
НА 2018-2019 ГОДЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына сәйкес, қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қосымша беріліп отырған Приозерск қаласы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,
қалалық мәслихат хатшысы

Б.Сарсембеков

ЖОБА

Приозерск қалалық мәслихатының
2018 жылғы « » _____
сессиясының № _____
шешімімен бекітілді

Приозерск қаласы бойынша 2018 - 2019
жылдарға арналған жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану жөніндегі
ЖОСПАРЫ

1 тарау. Кіріспе

1. Осы Приозерск қаласы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына сәйкес жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем-шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

2. Жоспарды әзірлеу үшін келесі ақпарат пайдаланылды:

«Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалы - жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаменті 2018 жылы әзірлеген Приозерск қаласының жерлерін геоботаникалық зерттеп-қарау жөніндегі есеп;

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесімен берілген, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер;

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесімен берілген, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер;

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесімен берілген, үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер;

мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер.

3. Приозерск қаласының туристік бағытын ескере отырып, ауыл шаруашылығы әлеуеті үлкен емес және қаланың қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді, себебі мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының өнім негізінен жеке қосалқы шаруашылықтарда шығарылады.

4. Әкімшілік аумақта ауыл шаруашылығы алқаптары ретінде пайдалану үшін жарамды жерді көлемі жеткіліксіз болып табылады.

5. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығын дамыту, неғұрлым өзектіленіп келеді. Соңғы жылдары қаланың аграрлық секторында өнімдердің жалпы көлемінің тұрақты өсуі және агроөнеркәсіп кешені қарқынды дамуы байқалауда. Мал басы және мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру артты.

6. Қала аумағы 5 452 гектарды құрайды, оның 75,2% астамы - елді мекендердің жерлері, 24,8% ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлер құрайды. Шектеулі мүмкіндіктерге қарамастан, әкімшілік аумақта мал шаруашылығын және өсімдік шаруашылығын әрі қарай дамыту мүмкін болады.

7. Саланы тұрақты дамытудың құрамдасы ауыл шаруашылығы маңызы бар жерлерді ұтымды пайдалану болып табылады.

8. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану - жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде жер пайдалану мақсаттарын жүзеге асыруда жерді қорғауды және табиғи факторлармен өзара оңтайлы әрекеттесуді есепке ала отырып, топырақтың құнарлылығы мен жердің мелиоративтік жай-күйінің айтарлықтай нашарлауына әкеліп соқтырмайтын тәсілдерімен жоғары дәрежеге жетуді қамтамасыз ету.

9. Жайылым пайдаланушылар үшін жайылымдарды оларды тоздырмай тиімді пайдалану басты міндеті болып табылады.

10. Осыған байланысты, 2018-2019 жылдарға жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша жоспары, азықтық қажеттілігін және жайылымдардың тозу процесін алдын алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ауыл шаруашылығы құрылымдары мен тұрғындар үшін жайылым айналымдарның схемалары дайындалды.

2 тарау. Жалпы мәліметтер

11. Приозерск қаласы, әлемдегі ең ірі көлдердің бірі - Балқаш көлінің батыс жағалауында, Ақтоғай ауданының Сарышаған станциясынан 12 шақырым жерде орналасқан.

12. Қаланың аумағы толқынды-шатқалы жазықтықпен ұсынылған және жартылай шөлді аймақта орналасқан.

13. 2018 жылғы 14 мамырдағы жағдай бойынша Приозерск қаласындағы жер қорлары 5,452 гектарды құрайды, оның ішінде 1,352 гектар - ауыл шаруашылық жерлері, оның ішінде 1 352 гектар - жайылымдар құрайды.

14. 2017 жылғы ауыл шаруашылық санағының қорытындысы бойынша қаланың әкімшілік аумағында 180-ден астам үй шаруашылықтары бар, оның ішінде 89 үй шаруашылығы - мал мен құс. Заңды тұлғаны құрмай қызмет атқаратын екі шаруа қожалығы тіркелді.

15. Малды жартылай қорада ұстайды. Жайылым кезеңі сәуір айының соңы - мамыр айының басында басталып, қазан айының соңы қараша айының басында аяқталады. Қыста малды қорада ұстайды. Қорада ұстау кезеңіне түбегейлі жақсартылған жерлерде табиғи шабындық

(жалғасы 5 бет.)

Председатель сессии,
секретарь маслихата

Б.Сарсембеков

Проект

Утвержден
решением _____ сессии
Приозерского городского маслихата
от « » _____ 2018 года № _____

ПЛАН
по управлению пастбищами и их
использованию по городу Приозерск
на 2018-2019 годы

Глава 1. Введение

1. План по управлению пастбищами и их использованию по городу Приозерск на 2018 - 2019 годы разработан в соответствии с Законом Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года «О пастбищах», в целях рационального использования пастбищ, устойчивого обеспечения потребности в кормах и предотвращения процессов деградации пастбищ.

2. Для разработки Плана использована следующая информация:

отчет по геоботаническому обследованию земель города Приозерск, изготовленный Департаментом земельного кадастра и технического обследования недвижимости – филиал некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Карагандинской области в 2018 году;

сведения о ветеринарно - санитарных объектах, предоставленные государственным учреждением «Отдел ветеринарии города Приозерск»;

данные о численности поголовья сельскохозяйственных животных, представленные государственным учреждением «Отдел ветеринарии города Приозерск»;

данные о количестве гуртов, отар, табунов, представленные государственным учреждением «Отдел ветеринарии города Приозерск»;

иные данные, предоставленные государственными органами, физическими и (или) юридическими лицами.

3. Учитывая географическое расположение и туристическое направление города Приозерск, потенциал сельского хозяйства не велик, и не позволяет обеспечить потребности города. Продукция, как животноводства, так и растениеводства в основном производится личными подсобными хозяйствами.

4. На административной территории города не имеется достаточного количества земель, пригодных для использования в качестве сельскохозяйственных угодий.

5. Вместе с тем, развитие сельского хозяйства, приобретает все большую актуальность. За последние годы в аграрном секторе города наблюдается стабильный рост объемов валовой продукции сельского хозяйства. Увеличилось поголовье скота и производство основных видов продукции животноводства и растениеводства.

6. Территория города составляет 5 452 гектара, из которых более 75,2% - это земли населенных пунктов, 24,8% составляют земли сельскохозяйственного использования. Несмотря на ограниченные возможности, на административной территории возможно и дальше развивать как животноводство, так и растениеводство.

7. Составляющей устойчивого развития отрасли является рациональное использование земель сельскохозяйственного назначения.

8. Рациональное использование земель сельскохозяйственного назначения - это обеспечение собственниками земельных участков и землепользователями в процессе производства сельскохозяйственной продукции максимального эффекта в осуществлении целей землепользования с учетом охраны земель и оптимального взаимодействия с природными факторами способами, не приводящими к существенному снижению плодородия почв и мелиоративного состояния земель.

9. Для пастбищепользователей эффективное использование пастбищ без их деградации является главной задачей.

10. В связи с этим, разработан План по управлению пастбищами и их использованию на 2018 - 2019 годы, схемы пастбищеоборотов для сельскохозяйственных формирований и населения, что позволит обеспечить потребность в кормах и предотвратить процесс деградации пастбищ.

Глава 2. Общие сведения

11. Город Приозерск расположен на западном побережье одного из самых крупнейших озер мира – озера Балхаш, в 12 км от железнодорожной станции Сарышаған Ақтоғайского района.

12. Территория города представлена волнисто-холмистой равниной и находится в полупустынной зоне.

13. По состоянию на 14 мая 2018 года земельный фонд города Приозерск составляет 5 452 гектара, из которых 1 352 гектаров - земли сельскохозяйственных угодий, из них пастбища составляют 1 352 гектар.

14. По результатам сельскохозяйственной переписи 2017 года на административной территории города насчитывается свыше 180 домохозяйств, из которых скот и птицу имеют 89 домохозяйств. Зарегистрировано 2 крестьянских хозяйств, осуществляющих деятельность без образования юридического лица.

15. Содержание скота в основном полустойловое. Пастбищный период начинается в начале апреля и заканчивается в конце октября - начале ноября. Зимнее содержание скота стойловое.

(продолжение на стр.5)



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

Приозерск қаласы бойынша 2018 - 2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі ЖОСПАРЫ

ПЛАН по управлению пастбищами и их использованию по городу Приозерск на 2018-2019 годы

(жалғасы, басы 4 бет.)

(продолжение, начало на стр.4)

жем шөптері біртіндеп дайындалады.

Корма на стойловый период частично заготавливаются с природных сенокосов, с участков коренного улучшения.

3 тарау. Климат

Глава 3. Климат

16.Климат өткір континенталды, үлкен маусымдық ауытқулары бар ауаның температурасы, жауын-шашынның аздығы, қыста қардың аз болуы және құрғақ жазымен белгілі. Атмосфералық жауын-шашынның жылдық мөлшері орташа 127 мм құрайды, ең үлкен мәні - 220 мм, ең кіші - 59 мм. Суық кезеңде (қараша-наурыз) орташа жылдық жауын-шашын 58 мм, жылы мезгілде - 69 мм. Ең жоғарғы айлық жауын-шашын желтоқсанда, ал ең төменгі қыркүйекте түседі. Қыс мезгіліндегі жауын-шашынның ең көп мөлшері, тиісінше, қар жамылғысы аздау. Қыс мезгілінде қар жамылғысының биіктігі орта есеппен 17,0 см-ге дейін жетеді, бұл бірнеше жылда 9,0-ден 28 см-ге дейін болады.

16.Климат резко-континентальный с большими сезонными колебаниями температур воздуха, малым количеством осадков, малоснежной зимой и засушливым летом. Годовая сумма атмосферных осадков составляет в среднем 127 мм, наибольшее значение 220 мм, наименьшее - 59 мм. В холодной период года (ноябрь-март) выпадает в среднем 58 мм осадков, в теплое время года - 69 мм. Наибольшее месячное количество осадков выпадает в декабре, наименьшее - в сентябре. Наибольшее количество осадков в зимний период формируется, соответственно, невысокий снежный покров. Высота снежного покрова за зиму достигает в среднем до 17,0 см изменяясь в отдельные годы от 9,0 до 28 см.

17.Қаланың маңайында желтоқсанның бірінші онкүндігінде тұрақты қар жамылғысы орнатылады, бірақ әсіресе қыс ерте келсе қазан айының мезгілінде мүмкін болады. Қар қабаты әдетте наурыздың екінші жартысында қар еріп кетеді.

17.В окрестностях города устойчивый снежный покров обычно устанавливается в первой декаде декабря, но в особо раннюю зиму возможно и в конце октября. Сход снежного покрова обычно происходит во второй половине марта.

18.Жыл бойы желдер негізінен солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыстан соғады. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 5,2 м / сек. Кейде дауыл дауылға (30-40 м / сек) жетеді. Қуатты желдер кезінде шаңды дауылдар жылы маусымында байқалады, бұл кезде көріну 1 км-ден аспайды.

18.Ветры в течение года преимущественно северо-восточные и юго-западные. Среднегодовая скорость ветра 5,2 м/сек. Иногда ветры достигают ураганных значений (30-40 м/сек). Во время сильных ветров в теплое время года наблюдаются пыльные бури, когда видимость не превышает 1 км.

4 тарау. Жер бедері

Глава 4. Рельеф

19.Приозерск қаласының аумағы геоморфологиялық тұрғыдан орналасқан, массив Орталық Қазақ ұсақ шоқыларының аймағының оңтүстік шетіне жатады. Мұнда рельефтің үлгісі қатты тегістеледі. Мұнда тек төменгі биіктіктермен сипатталатын типтік төбешіктер бар, әдетте олар 10-15 м-ден асады. Беткі жағы Балқаш көліне бірте-бірте түсіп бара жатқан толқынды немесе толқынды тегіс жазықты пайда болады.

